


БЕКІТЕМІН

Директордың оқу-әдістемелік
ісі жөніндегі орынбасары
Абирова М.А.
«*18*» *08* 2023ж.



«Қазақ тілі» пәнінің

ОҚУ- ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

ЖГП 09 «Қазақ тілі және әдебиет»

Мамандығы 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

біліктілігі 4S09110103 «Тіс технигі»,

мамандығы 09110100 «Стоматология»

біліктілігі 4S09110102 «Дантист»,

мамандығы 09130100 «Мейіргер ісі»

біліктілігі 4S09130101 «Жалпы практикадағы мейіргер»,

мамандығы 09140200 «Медициналық оптика»

біліктілігі 4S09140201 «Медициналық оптик»,

мамандығы 07140600 «Медицина техникаларын монтаждау, қызмет көрсету және жөндеу»

біліктілігі 4S07140603 «Техник-электроншы»,

мамандығы 09140200 «Медициналық оптика»,

біліктілігі 4S09140202 «Оптикометрист»,

мамандығы 09120100 «Емдеу ісі» біліктілігі 4S09120101 «Фельдшер»,

мамандығы 09110100 Стоматология,

біліктілігі 4S09110103 «Стоматолог-дәрігердің көмекшісі»,

мамандығы 07140600 «Медициналық техниканы монтаждау, техникалық қызмет көрсету
және жөндеу»

біліктілігі 3W07140603 «Медициналық жабдыктарына қызмет көрсету және жөндеу
электромеханигі»

Курс: 1

Семестр: 1,2

Бақылау түрі: Емтихан

Барлық сағаттардың/кредиттердің КЗ жалпы саны - 96\4

Аудиторлық -96

Алматы, 2023 жыл

Жұмыс бағдарламасы келесі мазмұнды қамтиды:

1.1 Кіріспе

Қазақ тілі және әдебиет пәні бағдарламасының басты бағыты – студенттердің ақыл - ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік - эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Сонымен қатар, студент ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Бағдарламада әдеби - теориялық ұғымдар, талдауға, бағалау мен салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы дилеммалар, мәселелер қарастырылған.

Теориялық материалдар студенттің қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой - өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

Қазақ тілі және әдебиет пәнін оқу арқылы студенттер:

Қазақ тілі және әдебиет құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым - қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, карама - қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

1.2. Пәннің мақсаты:

- сан ғасырлық жолдан өткен көркем әдебиеттің озық үлгілерімен таныстыру;
- білім мазмұнын сұрыптауда ғылымилық, түсініктілік, жүйелілік, іс-әрекеттілік, пәнаралық байланыс, сабақтастық сияқты дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынып, студенттердің бейіндік ерекшеліктерін ескеру;
- бағдарламада акын-жазушылар шығармашылығы хронологиялық сипатта ұсынылып, қайталанған шығармалардың орнына басқа акын-жазушылардың шығармашылықтарымен таныстыру;

XIX – XX ғасырлардағы көрнекті акын-жазушылардың шығармашылығы және тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттің кейбір үлгілерін оқыту;

Тәуелсіздік кезеңіндегі шығармалар осы кезеңнің тарихи-әлеуметтік мазмұнының көрінісі ғана емес, халықтың әдеби қазынасы қызметін де қатар атқаратын туындылар ретінде қарастыру;

- қазақ әдебиеті арқылы білім алушылардың бойына туған жерге, елге, ана тіліне деген шексіз құрмет сезімін дарыту, интеллектуалдық әлеуеті жоғары дара тұлға тәрбиелеу;

- қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, әдебиеті мен салт – санасына деген құрмет пен ілтипат сезімдеріне баулу;
- қазақ әдебиеті арқылы білім алушылардың адамгершілік қасиеті мен рухани дүниесін байыту, оларды азаматтыққа, арлылыққа, достыққа тәрбиелеу.

1.3. Пәннің міндеті:

- эпикалық, лирикалық, драмалық туындылардағы басты кейіпкер келбетін;
- көркем шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беруді үйрету;
- көркем шығарма мазмұнын әлем әдебиетінің үлгілерімен салыстыра талдай білуі;
- қазақ әдебиетінің әртүрлі даму кезеңдеріндегі көне әдебиет нұсқаларын және жалпы адами құндылықтарын салыстыру;
- жазушылар шығармаларындағы кейіпкерлерді талдай алуға;
- өзін-өзі және жеке қызметін басқару қабілетін қалыптастыруға үйрету;
- қазақ әдебиеті пәнін орыс және басқа да тілдермен салыстырып, саралап үйрету;
- ол ерекшеліктерді дұрыс қолдана білуге үйрету;
- күнделікті тұрмыс-тіршілікте, әсіресе кәсіби ортада мемлекеттік тілде, яғни қазақ тілінде қарым-қатынас жасай білуге дағдыландыру;
- мемлекеттік тілде іс- қағаздарын дұрыс әрі сауатты толтыруға дайындау;
- қазақ тіліндегі шағын шығармалар мен мақалаларды оқып-түсіне білуге баулу;
- аударма жасау дағдыларын меңгерту;
- сабақта халат, қалпақ, маска киіп отыру.

1.4. Оқытудың жоспарланған нәтижесі:

Студент білу керек:

- көркем шығармалардағы көтерілген маңызды проблемаларды білу;
- жекелеген тақырыптар бойынша өз ойларын айту, бағалай білу;
- бір тақырыпты оқу барысында әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындай алу;
- ақпараттарды ауызша және жазбаша түрде сабақтарда қолдану;
- өз әрекетін зерттей, сараптай білу;

Студент істей білу керек:

- шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне қалыптасу;
- әдебиет пәнінен көркем шығармалар арқылы білім стандартының талаптарына сай білімді меңгеру;

-шығармалар арқылы ой-жүйесін жинақтап, қорытындылап, өзінше ой-пікір айтуға, жүйелеп, көркемдеп сөйлеуге, шешендік дәстүрге үйрену;

Студенттің дағдысын қалыптастыруы:

- сөйлеу мәдениеті (сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, алғыс айту, дастархан басында сөйлеу әдеттілігі)

- өнер, мәдениет, әдебиет туралы айта білу, жиын, жиналыста сөйлей білу, ҚР халықаралық қарым-қатынасы туралы айта білу.

1.5. Пререквизиттері: (оқытылатын пәнді меңгеруге қажетті білім, іскерлік, дағдыларды құрайтын пәндер)- қазақ тілі, орыс тілі, әлеуметтік-экономикалық пәндер.

1.6. Постреквизиттері: (оқуға берілген пәнді меңгергеннен кейін алған білімі, іскерлігі, дағдылары талап етілетін пәндер;)- жалпы кәсіптік және арнайы пәндер.

1.7. Тақырыптық жоспар:

Модульді оқу жоспарын кесте түрінде жасау ұсынылады, онда тақырыптың атауы, оқытуды ұйымдастыру формасы және белгілі бір тақырыпты оқып-үйренуге бөлінген сағат саны, сонымен бірге қысқаша мазмұны көрсетілген тақырыптардың (игеру табысты кәсіби

қызмет үшін белгілі бір құзыреттіліктер алуға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар). 1.7.Тақырыптық жоспар:

Пәнді оқу жоспарын кесте түрінде ресімдеу ұсынылады, онда тақырыптың атауы, оқытуды ұйымдастыру нысандары және қандай да бір тақырыпты зерделеуге бөлінген сағат саны, сондай-ақ тақырыптардың қысқаша мазмұны (менгеруі белгілі бір құзыреттерді табысты кәсіби қызмет үшін алуға мүмкіндік беретін білім, білік және дағды) көрсетіледі.

1.7.3. Аудиториялық сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Алаш идеясы, қозғалысы, ұраны. Жаңа атаулар, ықшамдалған және төлтума сөздер емлесі. Кітаби тіл	Алаш қозғалысы — ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс.	2
2	Алаш арыстары тіл туралы, тілдің адам өміріндегі орны. Ауызша сөйлеу түрлері. Кірме сөздер емлесі.	Ауызша тіл — дыбысталайп айтылатын тіл және бұл жерде ой білдірудің құралдары мен фонетикалық жүйесі қолданылады; ауызша тіл сөйлеу үрдісінде пайда болады; ауызша тілге сөзді суырып салып, табан астында айту шеберлігі мен тілдік ерекшеліктері тән.	2
3	Ахмет Байтұрсынұлының тұлғалық келбеті. Телжан Шонаұлының оқу-ағартуға қатысты еңбектері. Бұдан сөздер емлесі.	Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.	2
4	Мұхит асқан туынды. Білім жарысы. Сөз құрамы. Біріккен сөздер, тіркесті сөздер емлесі. Ауызекі тіл.	Біріккен сөз – сыңарлары дыбыстық құрамын сақтай отырып, бір мағынаға ие болатын сөздер.	2
5	Музыканың үлкен кітабы. Әлем таныған классик. Бейүндес және игерілген кірме сөздер	Игерілген сөздер — дыбыстық, грамматикалық жағынан әбден орныққан кірме сөздер. Бейүндес <u>буынды</u> кірме сөздерге қосымшалардың жалғануы.	2
6	Қазақ мәдениеті мен ақыл ойының заңғар биігі. Интонация. Пауза. Ауызекі сөйлеу стилі	Интонация(лат. <i>intono</i>) – сөйлемдерді, олардың бөлшектерін сазына келтіріп сөйлеудің ырғақты әуені. Интонация — сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеудің ритм-мелодикалық бейнесі.	2
7	Ш.Құдайбердіұлы шығармаларындағы «ар» тақырыбы. Мелодия. Ресми стиль.	Ресми стиль — ресми қатынастар аясында қызмет ететін <u>стильдің</u> бірі. <u>Ресми құжаттар</u> мен <u>іс қағаздарының</u> стилі деп те аталады.	2

8	Мағжан мен Жүсіпбек. Ритм. Сөз өнері.	Ырғақ, ритм (грек. <i>rhythmus</i> – үйлесімділік, <i>réo</i> – ағу) – музыкалық дыбыстардың заңдылық өлшемде алмасуы. Сөз өнері-жүректі толқытып, ақылды таразылап, тіл қисынын қиоластырып, ойды бояуын қандыра өрнектеп жеткізетін ұлы өнер.	2
9	«Мәңгілік ел» идеясы. Егемен әліпби. Сөйлеу темпі. Қарқындылық. Публицистикалық стиль.	Публицистика (латынша: көпшілік, әлеумет)—қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады. Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады.	2
10	Отырар өркениеті. Қазақ отбасының құндылықтары. Тембр. Ғылыми стиль, белгілері.	Ғылыми стиль — ғылыми шығармалардың тілі мен жазылу түрін анықтайтын басты фактор. Ғылыми стильдің тілдік көріністері. Сөздер тура мағынасында қолданылып, дәл айтылады. Образды сөздер аз, термин сөздер көп кездеседі.	2
11	Еуразиялық Одақ: болашақтың стратегиясы. Орфоэпиялық және орфографиялық нормалар. Лексикалық, грамматикалық норма	Орфография – дұрыс жазылу ережелерінің жиынтығын қарастырады. Орфоэпия – дұрыс оқылу ережелерін қарастырады.	2
12	(Аралық бақылау №1) Тіл және алаш идеясы. Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет	білімді бағалау	2
13	Қаныш Сәтбаев ғылым –білім туралы. Әдеби тілдің қалыптасуы, тіл дәлдігі.	Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, қазақтан шыққан тұңғыш академик. Еңбек етпесең, жиған білімнің көдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет.	2
14	Алаштың ғылым-білім үйрету бағдарламасы. Тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер.	Екі немесе одан да көп сөздің тіркесуі арқылы жасалынатын, құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға болмайтын, бәрі бірігіп бір мағынада болатын, бір сөйлем қызметін атқаратын тіркестер – тұрақты тіркестер – фразеологизм деп аталады.	2

15	Нанотехнология. Тілдің пайда болуы туралы ілім. Сөйлеу этикеті. Тілдік норма	Нанотехнология — бұл көзге көрінбейтін аса ұсақ бөлшектерді ретке келтіре отырып, соның ерекшеліктерін алдын-ала белгілеп беру арқылы әлдебір құрылымды құрастыруға қажетті жекелеген атомдарды ыңғайластыра орналастыру.	2
16	Байлық пен кедейлік. Сөзжасам, сөзжасамдық тәсілдер	Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы.	2
17	Қазақстандағы әлеуметтік топтар. Туынды сөз.	Туынды сөздер – сөздік қорымыздың ең көлемді қабаты, олар тілдің әр даму сатысында сөзжасамның нәтижесінде үнемі сөздікке қосылып, тілді байытып отыратын тілдік нұсқалар.	2
18	Ғаламдағы ғажайып ғимараттар. Сөз байланысының түрлері.	Қазақ тілінде сөздердің байланысы бес түрге бөлінеді: олар - қиысу, менгеру, матасу, қабысу және жанасу.	2
19	Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Астана келбеті. Қазақ жеріндегі ежелгі кесенелер. Сөйлем. Сөйлем түрлері мен мүшелері.	Сөйлем мүшелері – сөздердің мағыналық тұрғыдан өзара тіркесуі нәтижесінде синтаксистік қызметте жұмсалатын сөйлемнің дербес бөлшектері. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен мағыналық байланыста болады, сол байланыс негізінде грамматикалық мағынаға ие болған сөздер, сөз тіркестері сөйлем мүшелері қызметін атқарады.	2
20	Әлемдік саясат. Әлемдік саясаттың көшбасшылары. Тыныс белгілері, тыныс белгілерінің қабаттасуы.	Тыныс белгілері (не пунктуация) - тіл білімінде жазуға тән шартты белгілер жүйесі.	2
21	Шешендік өнер: тарихы, зерттеуі, пән ретінде қалыптасуы. Тыныс белгілері: нүктелі үтір, жақша, тырнақша	Шешендік өнер. Шешен (жетандай, ділмар, айыркөмей, орақ ауыз, от тілді, сөзуар, тапқыр) - тілге жүйрік, сөз қисынын тауып айтатын халық қалаған сөз шебері.	2
22	Сөйлеу мәдениеті. Сөйлеу мәдениетінің зерттелуі. Төл сөз бен автор сөзі	Төл сөз — бөгде сөздің еш өзгеріссіз, түпнұсқасы сақтала отырып қолданылған түрі. Сөйлемде басқа біреудің сөзі Төл сөз болады да, сөйлеуші не жазушы адамның сөзі автор сөзі болады. Автор сөзі – төл сөзді де, төлеу сөзді де жеткізіп, оған түсінік беретін сөйлеушінің өз сөзі.	2

23	Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. Уық шаншылған Ұлытау. Термин сөздер	Термин сөздер – ғылым мен техника, өндіріс саласында қолданылатын арнаулы заттар мен ұғымдардың атауы болатын сөздер.	2
24	(Аралық бақылау №2) Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өнер. Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі.	білімді бағалау	2
25	Бабалар сөзі - даналық көзі. Күрделі, құрама, жалқы атаулар	Жалқы есім — жеке заттың, құбылыстың атауы болатын сөз, сөз тіркесі. Жалқы есімге адам аттары (антропонимдер), географиялық атаулар (топонимдер), діни атаулар (теонимдер), жануарлар атаулары (зоонимдер), аспан денелерінің атаулары (астронимдер), тарихи уақиғалармен байланысты мезгіл атаулары (хрононимдер), рухани нысандар атаулары (идеонимдер) т. б. жатады	2
26	Мәңгілік сарын: Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі. Шылаулардың жазылу емлесі	Шылаулардың көпшілігі өздері қатысты сөздерден бөлек жазылады және кейбірі дефис арқылы жазылады. Бөлек жазылатын шылаулардың көбі кейбір грамматикалық тұлғалармен сырт жағынан ұқсас болып келеді.	2
27	Қазақстан - қызғалдықтың Отаны. Тәуелсіздік тұғыры. «Мәңгілік» ел идеясы. Пікірталас, оның түрлері	Пікірсайыс — ұжымдағы әр түрлі көзқарастың, ой-пікірдің ортаға салынып, көпшіліктің талқысына түсуі. Пікірсайыста қате көзқарасты әділ сынап жеңу көзделеді. Пікірсайыс түрлері: <u>жиналыс</u> , <u>конференция</u> , <u>пікірталас</u> және т.б. Пікірсайыстыру жиын, топ алдында екі адамның немесе екі топтың өзара пікір таластыруы.	2
28	Ел тірегі - білімді жастар. Болашаққа жол ашқан бағдарлама. Дәйексөздер. Публицистикалық стиль	Публицистика (латынша: көпшілік, әлеумет)—қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады.	2
29	Сөйлеу мәдениеті. Кітап – білім бұлағы. Шешендік сөздің түрлері	Шешендік сөздердің түрлері 1. Шешендік арнау 2. Шешендік толғау 3. Шешендік дау	2

30	Жастардың кәсіп таңдауы. Қазақстанның дарынды жастары. Мен жастарға сенемін! Етістіктің шақ, жақ категориясы.	Етістіктің шақ категориясы — іс-әрекет, жай-күйдің болу мезгілі мен сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым-қатынасты білдіретін <u>грамматикалық категория</u> .	2
31	Қоғам. Қазіргі қоғам. Сөзталас. Интонация.	Сөзталас – қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда, сондай-ақ сотта орын алады.	2
32	Жастардың зияткерлік бағдарламасы. Ісқағаз түрлері және оларды топтастыру	1. Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздары 2. Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін іс-қағаздары 3. Басқару, өкім шығаруға қатысты іс қағаздары	2
33	Әлем мойындаған рекорд. Адамзат жаңалығы. Ұлы өнертапқыш. Пікір алмасу. Көркемдеу тәсілдері.	Пікір алмасу (лат. discussio – «қарау», «зерттеу») – көкейкесті мәселелерді шешу мақсатына құрылатын, біліктілік пен мәдени өрені талап ететін пікірталастың бір түрі.	2
34	Суасты құралдарын жасаудағы ғылым жетістігі. Публицистикалық шығармаларға тән ортақ мақсат. Алмастыру.	Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Жазбаша түріне газет, журналдардағы мақала, очерк т.б.; ауызша түріне шешендік сөздер жатады.	2
35	Жылқыны алғаш қолға үйреткен - қазақ даласы. Көшпелілер киімі. Көшпелілердің алғашқы конькиі. Публицистикалық стильдің тәсілдері. Мензеу. Символ.	Меңзеу (<i>синеқдоха</i>) – бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, көптің орнына жекені немесе керісінше ауыстырып қолдану тәсілі.	2
36	(Аралық бақылау № 3) Білім. Ғылым. Инновация. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік.	білімді бағалау	2
37	«Бабалар сөзі» 100 томдығы. «Ұлы даланың жеті қыры»	Пайымдау — ойлау процесінің белгілі бір сатысы немесе ой тұжырымдаудың түрі;	2

	Шешендік сөздердің жіктелуі. Пайымдау мәтіні.	басты бір мәселеге жауап қайтаруда бір-бірінен туындайтын ой-пікірлер туындысы.	
38	Тірі табиғат және өлі табиғат. Табиғат туралы мақалдар, тыйым сөздер. Қазақстанның табиғаты. Табиғатты қорғау. Айтыс. Сыни пікір, сыншының деңгейі. Кіріспе.	Айтыс — ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс — синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан.	2
39	Театр – өмір айнасы. Әлемге әйгілі өнер ордалары. «Астана опера» – өнер шаңырағы. Тыныс белгілерінің қолданылу негіздері.	Тыныс белгілері сөздер тіркесі мен сөйлемдерді айтқанда, немесе оқығанда тілде байқалатын кідірісті де, дауыста аңғарылатын әркелкі құбылысты да білдіреді.	2
40	Цифрлы Қазақстан: мамандықтарға сұраныс. Қазақстандағы жұмыс күші қозғалысы. Интонацияның үстеме мағына беру, сөйлемдер жігін ажырату қызметі	Интонация(лат. <i>intono</i>) – сөйлемдерді, олардың бөлшектерін сазына келтіріп сөйлеудің ырғақты әуені. Интонация — сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеудің ритм-мелодикалық бейнесі.	2
41	Тарихи жәдігерлерге не жатады. «Мәдени мұра» бағдарламасы. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері. Әңгіме және дөңгелек үстел. Мәтін.	Пікірталасқа бастайтын пікірлесудің қарапайым түрі – әңгіме, ал жоспарлы түрде өткізілетін жүйелі түрі – дөңгелек үстел.	2
42	Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыстар. Сипаттау, әңгімелеу мәтіні	Сипаттау мәтіні дегеніміз белгілі бір нәрсенің құбылыстың сын сипатын егжей тегжейлі сипаттайтын мәтін түрі.	2
43	Қазақ даласының Орфейі. Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің құрылымы.	Сөз шеберлігін қалыптастырудың жолы – тілдің нәрін ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем әдебиет арқылы бала бойына сіңіру. Оқыған шығармасы бойынша ойын көркем етіп жеткізе білу – тіл мәдениетін меңгерудің бірден бір шарты.	2
44	Нарық. Еңбек нарығы. Мәнерлі сөйлеудің негізгі белгілері.	Нарық — тауар өндірісі мен айналымы заңдары бойынша ұйымдастырылатын айырбасты сипаттайтын тауар қатынастарының жиынтығын білдіреді. Басқаша айтқанда, нарық — нақты тауар сатушылар мен оны сатып алушылардың басын қосатын кез келген институт немесе механизм.	2
45	Шешендік сөздің лексика-грамматикалық белгілері.	Шешендік сөздер – қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармасы, тапқырлық сөздер	2

		мен <u>Тұжырымдар</u> ; қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын көлемдегі дидактикалық жанр.	
46	Экстремизм мен терроризм ХХІ ғасыр індеті. Бейбіт өмір – береке бастауы. Қазақ халқы – бейбітсүйгіш ел. Көркем әдебиет стилі, көркемдік ерекшеліктері.	Экстремизм – бұл қоғамдық-саяси жүйенің идеологиялық және институционалдық негіздерін жоққа шығаратын және заңды конституциялық тәртіпті тез арада күштеп өзгертуге шақыратын түбегейлі идеяларға негізделген саяси тәжірибе.	2
47	(Аралық бақылау № 4) Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер	Білімді бағалау	2
48	Емтихан	Қорытынды сабақ	2
Барлық сағат саны:			96 сағат

1.8 Сабақ беру мен оқыту әдістері: Шағын топтар, пікірталас, жұптық жұмыс, презентация және үйірме. үстелдер мен іскерлік ойындар және т.б.

1.9. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:

- Бақылау тапсырмалары (студенттердің бағдарламалық материалдың мазмұнын игеру деңгейін бағалау және анықтау мақсатында әзірлеу);

- Тестілеу (тест тапсырмалары бөлімдер, тақырыптар бойынша ұсынылған және қиындықтың негізгі үш деңгейіне ие (минималды, орташа және қиын);

- Үлестірме материалдар: билеттер, басқатырғыштар, ситуациялық тапсырмалар.

1.10. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету:

- дәптер.

- CD / DVD / MP3 ойнатқышы.

- мультимедиялық проектор.

- кестелер, плакаттар мен суреттерді бекітуге арналған қондырғылар жиынтығы бар тақта.

- студенттердің шығармашылық жұмыстарын орналастыруға арналған стенд.

- орындықтар жиынтығымен бір орындық студенттік үстелдер

1.10. Пайдаланылатын әдебиеттер:

1.10.1. Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

2. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

3. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

4. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

1.10.2. Қосымша әдебиеттер:

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жанартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3. Т.Ермекова, К.Бертілеуова, Р.Мұнасаева. Қазақ тілі. Дидактикалық материалдар. Арман-ПВ, 2019
4. Т.Ермекова, Н.Дүсіпова, Г. Тоқтыбаева. Қазақ тілі. Мұғалім кітабы. Арман-ПВ, 2019
5. З.Ерназарова, А.Бекетова, С.Кужакова. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық +Үнтаспа. 1,2-бөлім. –Алматы: Атамұра, 2020.

1.10.3 Интернет ресурстар:

- Осы пәнді оқу процесінде студенттерге қойылатын жалпы талаптар.
- студенттер колледжде оқу ережелерін сақтауы тиіс: өткізбеу-электрондық пошта (e-mail);
- телеконференция;
- бейнеконференция;
- жеке ақпаратты жариялау, жеке бетті (немесе сайтты) құру және оны Web-серверде орналастыру мүмкіндігі;
- ақпараттық ресурстарға қол жеткізу;
- анықтамалық каталогтар;
- іздеу жүйелері;
- әр түрлі конкурстар мен олимпиадаларға қатысу;
- желіде сөйлесу (Chat).